

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 29 наурыз N 455

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 заң күші бар Жарлығы 16-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 2 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім бекітілсін. 2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші-орынбасары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы Келісім Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі, достық қарым-қатынастарды, оның ішінде кеден істері саласындағы ынтымақтастық арқылы да дамытуға ниет білдіре отырып;

кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жолымен Тараптардың арасындағы жолаушы және жүк қатынасын дамыту мен жеделдетуге ықпал етуге ұмтыла отырып; кедендік құқық бұзушылықтар Тараптардың экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіретінін ескере отырып; кеден заңдарын сақтау және кедендік құқық бұзушылықтармен күрес Тараптардың кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жағдайында неғұрлым табысты жүзеге асатынын ескере отырып, мына төмендегілер туралы келісті: 1-бап Айқындамалар Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

"кеден заңдары" - Тараптардың тауарларды, жолаушылардың қол жүгі мен жолжүгін, валюталық және басқа да құндылықтарды, халықаралық почталық жөнелтілімдерді әкелудің, әкетудің және олардың транзитінің, кедендік баждарды, алымдарды және басқа төлемдерді алудың, кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер берудің, тиым салулар мен жеңілдіктерді белгілеудің, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің кеден шекаралары арқылы тауарлардың тасымалдануын бақылаудың тәртібін реттейтін Тараптардың нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;

"кеден қызметтері" - Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары;

"кедендік құқық бұзушылық" - кеден заңдарын бұзу немесе бұзуға әрекеттену;

"тұлға" - жеке немесе заңды тұлға;

"есірткі құралдары" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге БҰҰ-ның 1961 жылғы есірткі құралдары туралы Бірыңғай конвенциясының тізіміне енгізілген заттар;

"психотроптық заттар" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге БҰҰ-ның 1971 жылғы психотроптық заттар туралы Бірыңғай конвенциясының тізіміне енгізілген заттар;

"прекурсорлар" - халықаралық конвенцияларда есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын химиялық материалдар ретінде жіктелетін заттар мен олардың тұздары;

"бақыланатын жеткізілім" - есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымында қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының рұқсатымен және байқауымен есірткі құралдары мен психотроптық заттардың топтамасын Тарап мемлекетінің аумағына әкелуге, транзитіне немесе әкетуге жол берілетін әдіс;

"куәлік" - тауарды ресімдеу жүргізілген елдің ұлттық заңдарына сәйкес тауардың іс жүзінде ресімделгенін растайтын ресми құжат.

## 2 - б а п

### Келісімнің қолданылу аясы

Тараптар осы Келісімнің негізінде және кеден қызметтері арқылы өз құзыретінің және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарын сақтаудың шегінде: а) Тараптар мемлекеттерінің арасындағы жолаушылар мен жүк қатынастарын, сондай-ақ почта жөнелтілімдерін кедендік бақылауды жетілдіру; б) кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді алудың, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолданудың дұрыстығын қамтамасыз ету; в) кедендік құқық бұзушылықтардың жолын кесу және тергеу; г) екі мемлекеттің арасындағы кедендік ресімдеудің рәсімдерін оңайлату мақсатында ынтымақтасатын болады. 3-бап Кедендік шарттылықтарды оңайлату 1. Кеден қызметтері: а) өзара келісім бойынша кедендік ресімдеуді оңайлату жөнінде қажетті шараларды қабылдайды;

б) бір-бірінің кедендік қамтамасыз ету белгілері (сүргілер, мөрлердің, мөртаңбалардың басылған таңбалары) мен кеден құжаттарын мойындайды, ал қажет болған жағдайда тасымалданатын тауарларға өздерінің кедендік қамтамасыз ету белгілерін соғады.

2. Транзитпен жол жүретін тауарлар мен көлік құралдары, жүктер, жолаушылардың жолжүгі, почталық жөнелтімдер оларды әкелуге, әкетуге және транзитіне Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес тыйым салынған; кедендік құқық бұзушылық орын алған немесе Тараптар мемлекеттерінің бірінің ұлттық заңдарына

сәйкес транзит кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шартымен жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, кедендік тексеруден босатылады.

3. Ұлттық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес транзиттің ерекше тәртібі белгіленген тауарлар кедендік тексеруден босатылмайды.

#### 4 - б а п К у ә л і к т е р д і б е р у

1. Кеден қызметтері бір-біріне сұрау салу бойынша бір Тарап мемлекетінің аумағынан әкетілген немесе онда әкелінген тауарлардың келесі Тарап мемлекетінің аумағына заңды негіздерде әкетілетінін немесе әкелінетінін растайтын куәліктер береді. Куәліктерде оған сәйкес тауарлар ресімделген кедендік рәсімдердің түрі мен нәтижелері көрсетіледі. Бұл сондай-ақ тауарлар екінші Тараптың аумағынан қайта экспортталатын жағдайларға да қатысты.

2. Кеден қызметтері бір-біріне сұрау бойынша өздеріне бағынатын кеден органдары берген куәліктер мен басқа да құжаттардың түпнұсқа болып табылатындығы және барлық қажетті деректерді қамтитындығы туралы мәліметтер береді.

#### 5 - б а п Е с і р т к і қ ұ р а л д а р ы м е н п с и х о т р о п т ы қ з а т т а р д ы ң з а ң с ы з а й н а л ы м ы н а қ а р с ы к ү р е с

1. Кеден қызметтері есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымының алдын алу, тергеу және жолын кесу жөніндегі іс-қимылдарды жандандыру мақсатында алдын ала сұрау салусыз және мүмкіндігінше қысқа мерзімде бір-біріне:

а) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қатыстылығы белгілі немесе бұған күдікті тұлғалар туралы;

б) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін қолданылатыны белгілі көлік құралдары (контейнерлерді қоса алғанда) және почталық жөнелтімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ оларды бақылаудың жаңа әдістері туралы хабарлайды.

2. Кеден қызметтері алдын ала сұрау салусыз есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымында қолданылатын тәсілдер, сондай-ақ оларды бақылаудың жаңа әдістері туралы бір-біріне хабарлайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес кез келген Тараптан алынған мәліметтер, хабарлар және құжаттар нашақорлық пен есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен айналысатын құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарға берілуі тиіс.

4. Кеден қызметтері Тараптар мемлекеттері заңдарының негізінде және өзара келісім бойынша қажет жағдайда олардың заңсыз айналымына қатысты тұлғаларды анықтау мақсатында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды бақыланатын әкелудің әдісін пайдаланады.

## 6 - б а п М ә л і м е т т е р б е р у

1. Кеден қызметтері сұрау салу бойынша өздерінің қарамағындағы мәліметтерді, о н ы ң і ш і н д е :

а) кеден баждарын, алымдарды және басқа да төлемдерді алуға, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолдануға байланысты жағдайлар туралы;

б) сұрау салушы Тарап мемлекетінің кеден заңдарына қайшы келетін, жасалған немесе дайындалып жатқан әрекеттер туралы хабарларды, хаттамаларды және өзге де материалдарды немесе олардың куәландырылған көшірмелерін салып жіберу жолымен б і р - б і р і н е б е р е д і .

2. Кеден қызметтері мүмкіндігінше қысқа мерзімде, оның ішінде алдын ала сұрау салусыз да оған қарсы күресте Тараптардың ерекше мүдделілігі бар мүмкін болатын кедендік құқық бұзушылықтар туралы мәліметті бір-біріне хабарлайды.

Б ұ л б і р і н ш і к е з е к т е :

а) қоршаған ортаға немесе халықтық денсаулығы үшін қауіп төндіруі мүмкін т а у а р л а р д ы ;

б) қару-жарақты, оқ-дәріні, жарылғыш және улағыш заттарды, жару құрылғыларын;

в) маңызды тарихи, көркемдік, мәдени және археологиялық құндылығы бар з а т т а р д ы ;

г) ерекше маңызы бар және Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес жоғары кеден баждары, акциздер және басқа да салықтар салуға жататын тауарларды өткізу кезіндегі кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы.

## 7 - б а п Қ ұ ж а т т а р д ы б е р у

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өзара кеден мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерімен алмасады және кеден заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы бір-біріне дереу хабарлайды.

2. Бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметінің сұрау салуы бойынша әкімшілік органдардың кеден заңдарының қолданылу

мәселелері жөніндегі шешімдерінің көшірмелерін береді. 3. Осы бапқа сәйкес құжаттарды беру жөніндегі сұрау салуларда осы Келісімнің 11-бабының 2-тармағының "д" тармақшасында көзделген талаптардан айырмашылығы, істің мән-жайы сипатталмауы мүмкін. 4. Құжаттардың алынғанын сұрау салушы кеден қызметі алынған уақытын көрсете отырып растайды. 8-бап Тәжірибе алмасу және көмек көрсету 1. Кеден қызметтері: а) өз қызметінің тәжірибесі мен бақылаудың техникалық құралдарын қолдану туралы; б) кедендік құқық бұзушылықтарды жасаудың жаңа тәсілдері мен құралдары туралы; в) екі Тарап үшін өзара мүдделілікті білдіретін басқа да кеден мәселелері жөнінде ақпарат алмасады. 2. Кеден қызметтері кеден ісі саласында: а) өзара мүдделілікті білдіретін жағдайларда, сондай-ақ кеден қызметтері қолданатын техникалық құралдармен таныстыру мақсатында қызметкерлер алмасуды; б) қызметкерлерді оқытуды және олардың арнайы машықтарын жетілдіруді; в) кеден мәселелері бойынша сарапшылар алмасуды; г) кеден мәселелеріне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтер алмасуды қоса алғанда, бір-біріне көмек көрсетеді.

#### 9 - б а п

#### Т е р г е у

1. Бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі келесі Тарап мемлекеті кеден қызметінің сұрау салуы бойынша осы Келісімнің 2-бабының "б" және "в" тармақтарында көзделген мәселелер бойынша тексеру немесе тергеу жүргізеді. Тексерудің немесе тергеудің нәтижелері осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көздеген тәртіпке сәйкес сұрау салушы кеден қызметіне хабарланады.

2. Тексеру немесе тергеу сұрау салынған Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген ұлттық заңдарға сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынған кеден қызметі тексеруді немесе тергеуді өз атынан әрекет ете отырып жүргізеді.

3. Сұрау салынған кеден қызметі сұрау салушы кеден қызметінің лауазымды тұлғаларына мұндай тексерулер мен тергеулерге қатысуға рұқсат ете алады.

4. Бір Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары осы Келісімде көзделген жағдайларда екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезеңде өздерінің ресми өкілеттіктері құжатпен расталған болуы және нысанды киім кимеуі және қаруы болмауы тиіс.

#### 1 0 - б а п

#### С а р а п ш ы л а р м е н к у э г е р л е р

Егер бір Тарап мемлекетінің сот немесе әкімшілік органдары қаралатын құқық бұзушылықтарға байланысты тиісті сұрау салатын болса, онда екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі өз қызметкерлеріне осындай соттық немесе әкімшілік талқыларға куәгерлер мен сарапшылар ретінде қатысуға уәкілеттік бере алады. Бұл қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде анықталған фактілер бойынша айғақтама немесе қорытынды береді. Соттық немесе әкімшілік талқыларға

қатысу туралы сұрау салуда сұрау салушы кеден қызметінің қызметкері қандай іс бойынша және кім ретінде қатысатыны көрсетілуі тиіс. 11-бап Сұрау салулардың нысаны мен мазмұны 1. Осы Келісімнің 9-бабының 1-тармағында көзделген сұрау салу жазбаша нысанда және орыс тілінде жасалады. Сұрау салуды орындау үшін қажет құжаттар түпнұсқаларында, ресми куәландырылған көшірмелерінде немесе фотокөшірмелерде қоса берілуі тиіс. Сұрау салу мынадай деректерді: а) мүдделері сұрау салудың негізінде жатқан кеден органының атауын; б) сұрау салудың нысаны мен себебін; в) кедендік рәсімнің түрін; г) рәсімге қатысушылардың аты-жөндерін, мекен-жайларын және олар туралы басқа да деректерді; д) істің мәнінің қысқаша сипаттамасын және оның заңдық біліктілігін қамтуы тиіс. 12-бап Сұрау салуларды орындау 1. Кеден қызметтері өз Тарабының заңдарына сәйкес өз құзыретінің шегінде сұрау салуларды орындауда бір-біріне жәрдем көрсетеді. 2. Егер оны орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне залал келтіретін, не ұлттық заңдарына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келетін болса сұрау салуды орындаудан бас тартылады. 3. Сұрау салушы кеден қызметіне сұрау салуды орындаудан бас тартылуы туралы, сондай-ақ бас тартудың себептері туралы жазбаша нысанда дереу хабарланады. 13-бап Құжаттар 1. Сұрау салу бойынша түпнұсқа құжаттарды беру ресми куәландырылған көшірмелер мен фотокөшірмелер жеткіліксіз болған жағдайларда жүзеге асырылады. 2. Түпнұсқа құжаттар мүмкіндігінше қысқа мерзімде сұрау салынған кеден қызметіне қайтарылуы тиіс. 3. Осы баптың ережелерін қолдану кезінде сұрау салынған Тарап мемлекетінің немесе осы келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілмеуі тиіс.

#### 1 4 - б а п

#### Алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Кеден қызметтері осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер мен құжаттарды тексерулер мен тергеулерді жүргізу кезінде өз хаттамаларында, хабарларында және өзге де материалдарда, қаралатын кедендік құқық бұзушылықтарға байланысты сот немесе әкімшілік талқыларында дәлелдеме ретінде пайдалана алады. Осы мәліметтер мен құжаттарға баға беру және олардың сот немесе әкімшілік талқыларында пайдалану сұрау салушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Сұрау салу бойынша берілген мәліметтер, хабарлар және құжаттар тек осы Келісімді орындау мақсатында ғана пайдаланылады және оларды берген кеден қызметінің жазбаша келісімінсіз кімге де болмасын берілмейді немесе өзге мақсаттар үшін п а й д а л а н ы л м а й д ы .

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты тәртіп

бұзушылықтар туралы материалдарға қатысты емес. Мұндай ақпарат белгіленген мерзімдерде есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күреспен айналысатын мемлекеттік органдарға берілуі тиіс. 15-бап Құпиялылық Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған кез-келген ақпаратқа, құжаттарға немесе мәліметтерге алушы елде оның өз аумағында алынған бұл елдің осындай ақпараты, құжаттары немесе мәліметтері сияқты жариялаудан қорғау дәрежесі беріледі. 16-бап Шығыстарды өтеу 1. Сұрау салушы кеден қызметі сұрау салынған кеден қызметінде жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты осы Келісімді орындау мақсатында орын алған шығыстарды сұрау салынған кеден қызметіне өтейді. 2. Осы Келісімнің 8-бабының ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы жеке уағдаластықтың нысанасы болуы мүмкін. 17-бап Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 20-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді. 18-бап Даулы мәселелерді шешу Осы Келісімнің ережелерін пайымдауға байланысты Тараптардың арасында пайда болған барлық даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі. 19-бап Келісімді орындау 1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастық тікелей кеден қызметтерінің арасында жүзеге асырылады.

2. Кеден қызметтері өз құзыреттерінің шеңберінде осы Келісімді орындау үшін қажетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.

3. Осы Келісімді орындау үшін Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өз құзыреттерінің шеңберінде екі жақты кеден қатынастарының бүкіл кешені бойынша жекелеген келісімдер жасаса алады.

2 0 - б а п

Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

1. Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар мемлекеттері қабылдаған міндеттемелерді қозғамайды.

2. Осы Келісім Тараптардың бір-біріне дипломаттық арналармен Келісімді күшіне енгізуді қамтамасыз ететін қажетті мемлекетшілік процедуралардың орындалуы туралы хабарлаған сәтінен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданылады, одан кейін ол, егер Тараптардың бірде бірі тиісті мерзім аяқталғанға дейін алты ай қалғанда оның қолданылуын тоқтату туралы өзінің тілегі туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе, автоматты түрде келесі бес жылға ұзартылады. 1999 жылы 2 қыркүйекте Астана қаласында қазақ, армян және орыс тілдерінде екі данада жасалады, әрі барлық мәтіндер бірдей болып табылады. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру қажет болған жағдайда

орыс тіліндегі мәтін негізге алынады. Қазақстан Республикасының Армения Республикасының Үкіметі үшін Үкіметі үшін Оқығандар: Қобдалиева Н.М. Икебаева  
А . Ж .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК